| ***Серуен*** | ***10:00*** | *Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін. Картотека №1* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.*** | ***10:10 10:35*** | ***3.Музыка Туған жерім – тұғырым ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипат тау.* ***Күтілетін Нәтиже:*** *Музыка тыңдау: «Туған жер» – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда -сабақ. айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңдап белгіле. Айжан қыз қандай әуенге билейді? Биге қандай киім үлгісін* | ***3.Дене шынықтыру. Шетелге саяхат ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау.* ***Күтілетін Нәтиже:*** *Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындайды. Қимыл белсенділігінің адам денсаулығына оң ықпалы туралы балаларға айтып береміз, Баяу қарқынмен жүгіру (2 минут) – қол сәл ішке қарай кеуде тұсына дейін алға-жоғары көтеріліп, содан кейін шынтақпен артқа* | ***3. Қоршаған ортамен танысу Су– өмірдің нәрі ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Жер бетіндегі барлық тіршілік иесі үшін судың, ауаның және жылудың рөлі туралы білу* ***4к моделі: сыни ойлау, креативтілік, командалық жұмыс Күтілетін нәтиже:*** *Жер бетіндегі барлық тіршілік иесі үшін судың, ауаның және жылудың рөлі туралы біледі. Сулы жер, нулы жер Бұлақ көрсең, көзін аш. балаларға жұмбақ шешуді ұсынады: Дәмі де жоқ, түсі де жоқ, Пайдаланбас кісі де жоқ. (су) Судың қатты күйі қалай аталады? Судың* | ***3. Дене шынықтыру Байқоңыр ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау.* ***Күтілетін Нәтиже:*** *Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. шыдамдылықты жаттықтыру Үлкен және қысқа адыммен жүгіру– қолды барынша сермей отырып кең адымдап жеңіл жүгіру, қысқа, жиі адымдай отырып жүгіру.Тыныс алуды қалпына келтіру. Бір қатар саппен жүру. Гимнастикалық орындықтың үстіне бір аяқты тізерлеп қойып,* | ***3. Қауіпсіз мінез құлық негіздері. Қауіпсіздік мектебі. Мен көшедемін. Жолда жүру ережесі ҰОҚ-ның мақсаты:*** *«Жаяу жүргіншілер» өткелі белгісін, бағдаршам белгісінің маңызын түсіну.* ***4к моделі: креативтілік, командалық жұмыс Күтілетін Нәтиже:*** *«Жаяу жүргіншілер» өткелі белгісін, бағдаршам белгісінің маңызын түсіну. роблемалық сұрақ: – Көшенің қай бөлігі жаяу жүргіншілерге әсіресе балаларға қауіпті? Ол қалай аталады? – Көшенің қай бөлігі жаяу жүргіншілерге арналған және ол қалай аталады? Балалар* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *ұсынар<br>едің? Киімдерді ата.<br>Айжанның қазақша тақиясының суретін аяқтап, әшекейле.<br>2-сабақ. айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер.* | *қимылдайды. Қысқа қадам аттап, аяқты табанның алдыңғы бөлігіне қояды.<br>Футбол – сол аяқ пен оң аяқтың ішкі жағымен футбол добын тура бағытта алып жүру. Доп кез келген аяқтың табан ортасында болуы тиіс. Допты бірқалыпты тебе отырып алға жылжытады. Допты алға теуіп алып жүргенде, оң немесе сол аяқтың алдыңғы ұшы жерге қарай бағытталып, доп ойыншының алдында болуы тиіс. Балалар тізбектерге тұрып, бір-бірімен жарысады. Ойыншы футбол добын белгіленген бұрылысқа дейін алып келеді, сонан соң орнына қайтып орлады. Допты келесі бала алып кетеді. Балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне бере отырып, «денсаулыққа пайдалы» – деп айтады.* | *қасиетін қандай?<br>Бұл мақал-мәтелдерді, жұмбақтардың барлығын не біріктіреді? (Бәрі де<br>су жайында.)<br>суреттерге назарларын аударады, балалардың су туралы не білетіні, олардың пайдасы туралы айтылады..<br>Қорытынды: Су– жер бетінде ең көп таралған зат. Жер астында да субар. Адам денесі де судан тұрады. Сусыз жануарлар да өсімдіктер де тіршілік ете алмайды.<br>Су туралы білімдерін, түсініктерін анықтап байқау.<br>– Су қандай зат? (Сұйық).<br>– Судың түсі қандай? ( Мөлдір).<br>– Суды қай жерлерден кездестіреміз? (Көл, өзен, жаңбыр т. б)<br>–Судың пішіні бар ма? (Пішінсіз).<br>– Судың адам өмірі үшін қандай пайдасы бар?<br>– Балалар, біз суды қайдан аламыз.* | *ал екінші аяқпен жерді тіреп жүру. Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; орындықтан түскенде аяқты ұшынан қою. Гиминастикалық сатымен өрмелеген кездегі қауіпсіздік техника<br>туралы еске салады, сақтық шаралары қабылданады.Жылдамдықты жаттықтыру «Кім шапшаң?» қимыл ойыны<br>Төрт бала ойын бастаушы (командир) ретінде таңдап алынып, оларға түсі әртүрлі жұлдызшалар үлестіріледі. Балалар бастау-шылардың артына төрт қатар сапқа тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады. Ойын бастаушы балалар нұсқаған жерге барып тұрады да, жұлдызды жоғары көтереді. Балалар өз командирін тез тауып артына сапқа тұруға тыры-* | *көше, жол, жаяу жүргіншілер жолы не екенін және олардың қауіпті болуы туралы талқылайды. Көше көліктерге арналған жол және жаяу жүргіншілер жүретін жол деп бөлінеді.<br>– Көшеге шыққанда үлкендер балаларға нені ескертеді? Адам үшін көлік жүретін жол несімен қауіпті?<br>Жаяу жүргіншілер жолымен жүргенде үлкендер жол жақ бөлігінде жүруі керек. Бала жол шетінен алыстау жүреді. Балалар мектепке барар жолда доппен немесе басқа да қимылды ойындар ойнап, өздеріне қауіп төндірмеуі тиіс. Сондай-ақ мектепке барар жолда көңілді ойындарұйымдастыруға болмайды. Қауіпсіздік ережелері:<br>• Жол жиегінде, жаяу жүргіншілер жолында ойнауға болмайды.<br>• Көліктер қозғалатын* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Тәжірибе арқылы көрсету.*<br>*Суды ластамау үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?*<br>*Талдап қорыту: суды дұрыс мақсатта пайдалану.*<br>*«Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі– су».*<br>*Халқымыз ежелден-ақ суды қастерлеген.*<br>*«Судың да сұрауы бар» деп бағалай білген. Адам су ішпей6-7 күн ғана жүре алады.* | *сады.* | *жолда, тіпті жаяу жүргіншілер жолында ойнауға болмайды.*<br>*• Қозғалып бара жатқан көлікке жармасуға болмайды.*<br>*• Кез келген қозғалыстағы көлік адам өмірі үшін қауіп төндіретінін ұмытпау керек.*<br>*– Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге апатты жағдайға түспеу үшін не көмектеседі?*<br>*Балалар өз ойларын білдіріп, бірқорытынды ға келеді.Көшедебелгілі бір орындарда жүргізу шілер мен жаяу жүргіншілерге арналған түрлі белгілер орналасқан. Олар көшедегі және жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға көмектеседі* |
| | ***10:35 11:10*** | ***1.Жаратылыстану***<br>***Әр жыл мезгілінде қандай өзгерістер болады?***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Маусым-дық өзгерістердің* | ***4.Логика (В. Бөлім)*** | ***4.шебер қолдар(В. Бөлім)*** | ***4.Ертегілер елі.***<br>***(В. Бөлім)*** | ***4.Өзін –өзі тану*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *жанды табиғатқа тигізер ықпалын анықтау*<br>**4к моделі: коммуникативтілік, саралау, бақылау жұмыстары, бала үні**<br>***Күтілетін нәтиже:***<br>*Маусым-дық өзгерістердің жанды табиғатқа тигізер ықпалын анықтайды. Сұрақтар қойылады:*<br>*Маусымдық өзгеріс деген не?*<br>*Қандай жыл мезгілдерін біле-сің? Жылдың қай мезгілінде жаңбыр жауады? Қай мезгілде қар жауады? Қай мезгілде күн ыстық болады?*<br>*Ертегі: «Жыл атайдың төрт баласы»*<br>*Ертегінің желісі бойынша маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.*<br>*(Ұ) «Маусымдық өзгерістерді* | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *бақылау»<br>Қазір қай жыл мезгілі? Күзде<br>ауа райы қандай болады? Қыс мезгілінің басқа мезгілдерден айырмашылығы неде? Жазда<br>қандай маусымдық өзгерістер<br>болады? Көктемде алғаш қан-дай гүл шығады?<br>Әр жыл мезгіліндегі жануар-лар мен өсімдіктердің тіршілігі қандай? – Төрт жыл мезгілі бар. Олар:<br>қыс, көктем, жаз, күз. Әр мезгілде ауа райы әртүрлі болады. Жазда болатын табиғат құбылыстарын қыста байқай алмаймыз. Сондықтан оны маусымдық өзгерістер деп атайды. Балалар әр мезгілдің өзгешілігін айтады. Үлгі жауаптар: қыста күн суық болады. Аяз тұрады.<br>Қар жауады, боран соғады. Өзен-көлдерде мұз қатады.* | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | ***11-10 11-20*** | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу* | *Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту.* | *Балалардың тазалығына көңіл бөлу.* | *Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау.* | *Балалардың үйде ойынын қадағалауды ата –аналарға айтамын.* |

***Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы***

***Бір аптаға (14.02-18.02.2022жыл)*** *Өтпелі тақырып «Жер ана»*

| ***Күн тәртібі*** | ***Уақыты*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау**. Таң ертеңгі гимнастика* | ***08:40 09:00*** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.* | | | | |
| | | ***Жаттығулар кешені*** | | | | |
| | | *Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар* | | | | |
| ***Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық*** | ***08: 50 09: 00*** | *Жүрейікші жараса<br>Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап* | *Сәлем саған жер-ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық* | *Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректі<br>Сөздің бәрі ақ тілек.* | *Ақылы бар баласың<br>Айтқан тілді аласың<br>Намысты болып өссеңсен<br>Нағыз адам баласың!* | *Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.* |
| ***ҰОҚ кестесі*** | | *Сауат ашу негіздері<br>Сурет салу<br>Музыка<br>Жаратылыстану* | *Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>Логика (в/бөлім)* | *Орыс тілі<br>Мүсіндеу<br>Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру<br>Шебер қолдар (в/бөлім)* | *Сауат ашу негіздері<br>Жапсыру<br>Дене шынықтыру<br>Ертегілер елі (в/бөлім)* | *Сөйлеуді дамыту<br>Музыка<br>Дене шынықтыру/<br>Қауіпсіз мінез құлықтары<br>Өзін-өзі тану* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр-ылған оқу қызметі*** | ***09: 00 09: 25*** | ***1.Сауат ашу негіздері Ертегілер еліне саяхат. Г дыбысы мен әрпі. ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.* ***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, креативтілік*** ***Күтілетін нәтиже:*** *Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазады. 1-тапсырма – Суретте кімдерді көрдіңдер? Әртүрлі ертегі кейіпкерлерін атайды. Мысалы: Елес, Гарри Поттер, Алдаркөсе, мыстан. «Газет», «Галстук», «Гу-гу!», «Глобус» сөздерін қайталайды. Сөздердің басында естіліп тұрған дыбысты ажыратады.* | ***1.Математика негіздері Менің анам. Заттар тобын салыстырамын. « =», «>», «<» белгілері.*** ***ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Белгілерді тану( =, >, <).* ***4к моделі: коммуникативтілік, командалық жұмыс, саралау, бақылау жұмыстары*** ***Күтілетін нәтиже:*** *Белгілерді тану( =, >, <). Педагог ненің үлкен, ненің кіші немесе тең екенін қалай салыстыруға болатынын сұрайды. (Балалар екі тәсіл – қасына орналастыруды немесе бірінің үстіне бірін қоюды ұсынады. Мысалы, тостағанды тәрелкеге қойып, қайсысы үлкен екенін білуді ұсынады.Екінші тәсіл– санды жазып, сандарды салыстыру. Егер санаған кезде қандай да бір сан бірінші айтылса, онда ол* | ***1. Русский язык Мои друзья*** *игровое упражнение «Да-нет». Будем крепко мы дружить? (дети: да-да-да) Нашей дружбой дорожить? (да-да-да) Мы научимся играть? (да-да-да) другу будем помогать? (да-да-да) друга нужно разозлить? (Нет-нет-нет) А улыбку подарить? (да-да-да) друга стоит обижать? (Нет-нет-нет) чай с друзьями будем пить? (да-да-да) Будем крепко мы дружить? (да-да-да)Работа в азбуке-тетради (К, и) задание №1. Рассмотри картинки о дру-зьях. Послушай и запомни. вы догадались, о чем мы с вами будем сегодня бесе-довать. Я думаю, что у всех есть настоящий друг или под-руга. А еще* | ***1. Сауат ашу негіздері Қаңбақ пен қоңыздың саяхаты. Ң дыбысы мен әрпі ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін(дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.* ***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау*** ***Күтілетін нәтиже:*** *Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін(дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау. 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар? Суреттегі қоңыз бен қаңбақтың әрекеттерін айтады. Қоңыз, қаңбақ, шұңқыр сөздерін қайталайды. Балалар Ң дыбыыс естілген сөздерді буынға бөледі. Ң дыбысы естілетін буындарды айтады. Қо-ңыз, қаң-бақ, шұң-* | ***1. Сөйлеуді дамыту Өмірге келдім ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу.* ***4к моделі: коммуникативтілік, командалық жұмыс, саралау, бақылау жұмыстары, бала үні*** ***Күтілетін нәтиже:*** *Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана біледі. Сәби өмірге келгенде салтымыз бойынша ата-анасы той жасайды. Той шілдеханадеп аталады. Сәбиге есім қойылады. Шілдеханада көп қонақтар жиналады, олар балаға өзінің тілектерін білдіреді, ойын-сауық өткізеді. Осылайша баланың алғашқы қадамы басталады. -тапсырма.Суретте қандай салт-дәстүр бейнеленген? Ол туралы не білесің? Балаларға* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог балалардан сұрақ сұрайды.<br>– Қай мультфильм ұнайды?<br>Балалар өздеріне ұнайтынмультфильм дер туралы айтады.<br>Ертегі сөзін буынға бөліпайтады. | аз болады.<br>Бүгін біз математика тілінде қандай да бір заттардың<br>үлкен, кіші немесе тең екенін қалай жазуға болатынын<br>білеміз.<br>Тостағандардың көп(аз) екенін, тәрелке қанша болса,<br>сонша екенін қалай жазуға болатынын кім біледі?<br>Математикада қандай белгілер барын біліп алайық.<br>Жаңалық ашу.<br>(Ұ) Педагог таңбалары бар карточкаларды көрсетіп,<br>оларды ауада қарындашпен немесе саусақпен сызып көрсетуді сұрайды.<br>Белгілерді түтікшелердің немесе ермексаздың көмегімен бейнелуге болады.<br>Математикада көбінесе сандарды шамасы бойынша<br>салыстыруға тура келеді, ол үшін графикалық символдар | лучше, когда их много.<br>скажите мне,<br>кто такой друг.<br>друг – это очень близкий человек, с которым инте-ресно. который всегда поможет, защитит, поддер-жит.<br>А дружба – это когда люди хотят быть вместе, когда<br>вместе играют.«Опиши друга по образцу».<br>Мой друг Берик. ему 6 лет. он ходит в школу. вме-сте мы играем в футбол.<br>Мой друг серик. ему 7 лет. унего черные волосы, зеленые глаза. он любит<br>читать.Мимическая гимнастика.<br>Примите такое выражение лица, какое должно быть<br>у дружелюбно настроенного человека.<br>А какое выражение лица у враждебно настроенного<br>человека? улыбнитесь друг другу.<br>(К) задание №2. игра «Цветок Дружбы». | қыр.<br>Дыбыстық белгілермен жазылған қаңбақ және қоңыз сөздерін тауып көрсетеді.<br>«Ң» дыбысын2-3 қайталайды.<br>2-тапсырма<br>Тыңда.<br>Балаларға шағын әңгімені оқып береді.<br>Балалар мұқият тыңдап сұраққа жауап береді.<br>1. Қоңыз қаңбаққа не айтуды ұмытты?<br>2. Қоңызға не көмектесті?<br>3. Табиғат құбылыстарының қайсысында Ң дыбысы естіледі?<br>Жаңбыр сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау<br>жасайды.<br>«Жолдасыңды жолда тастама!» нақыл сөзінің<br>мағынасын балаларға түсіндіреді.<br>Ң– үнді дауыссыз дыбыс.<br>Ң дыбысынан сөз басталмайды. Балалар сөз басталмайты Ң дыбысы туралы | арналған тағы қандай дәстүрлер бар?<br>2-тапсырма.Баланың жасына қарай суреттерді сәйкестендір.<br>Нәрестенің<br>суреті мен бесікті; бір жастағы бала |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойлап табылған. «Көп» сөзінің орнына«>» белгісі, ал«аз» сөзінің орнына«<» белгісі қолданылады.<br>Педагог«Мен анама көмектесемін» ойынының карточкаларының арасына белгілер қоюды ұсынады.<br>Балалар басқа балалармен бірге жаңа жазбаларды дауыстап оқиды. Ол бойынша үлкен, кіші, тең деп айтуға болады.<br>Сурет бойынша4 < 6, 6 > 4, 5=5 деген үш жазба құрастыруға болады. | Послушай и объясни, какие лепестки ты возьмешь<br>для цветка «дружба». | айтады.<br>Сергіту сәті<br>Балалар орындарынан тұрып қимылмен өлең айтады.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір.<br>Сағаттың тіліндей<br>Соғады жүрегіміз.<br>3-тапсырма<br>Ң әрпімен танысамыз.<br>Қайсысы қайсысының дауысы?<br>Педагог балғаның, қоңыраудың, мәшиненің суретін әкеліп кітаптағыдай жасап көрсетеді.<br>Үнтаспадан олардың дауысын шығарып балалардың табуын өтінеді.<br>Балалар дыбыстарды табады. Тапқан дыбыстарын қайталайды.<br>Балға«Шың-шың!», қоңырау«Дың-дың!», мәшине<br>«Ң-ң»» дейді<br>4-тапсырма. Педагог тақтадағы Ң дыбысының бейнесімен таныстырады. Н | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *әрпінің бейнесімен салыстырып көрсетеді.*<br>*4-тапсырма*<br>*Әдемі моншақтардан шаңғының өзінен және таяғынан Ң әрпін жасауды көрсетеді.*<br>*Балалар Ң әрпінің бейнесіне қарап өздері жасайды.*<br>*Ң әрпі кездесетін сөз ойлап айтады.*<br>*Ң әрпінің баспа түрін алдымен ауада жазады. Соңынан жазу жолдарына жазады.* | |
| | ***09:35 10:00*** | ***2.Сурет салу***<br>***Менің сүйікті қалам /ауылым.***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен, түсті бормен сурет салу, қарындашты (борды) көлбеу ұстау.*<br>***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, креативтілік***<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен, түсті бормен сурет салу, қарындашты (борды) көлбеу ұстайды.* | ***2.Көркем әдебиет***<br>***Айсұлудың туған күні.***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту. Ілікпе сөз бен*<br>***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, креативтілік***<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту.*<br>*Балалар – Бүгін бізде ерекше күн. Бүгін –* | ***2.Мүсіндеу***<br>***Торсық–қымыз құятын ыдыс***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау.*<br>***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, креативтілік***<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*балаларды ойын ойнауға шақырады.*<br>*«Сиқырлы дорба» ойыны.Педагог қазақтың ұлттық ыдыс-* | ***2.Жапсыру***<br>***Менің төрт аяқты достарым.***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар).*<br>***4к моделі: сыни ойлау, креативтілік***<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсайды.*<br>*Аппликацияны орындау технологиясы.*<br>*Мысықты сипаттау* | ***2.Музыка***<br>***Тұсау кесу***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.*<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындайды.*<br>*Музыка тыңдау: «Тәй-тәй»*<br>*(муз. Ө. Байділдаев, сөзі М. Жұмағазиев).*<br>*Әнді тыңдап, сипатын, көңіл күйін ажырату.*<br>*Ән мазмұнын әңгімелеуді* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жұмыстың орындалу технологиясы (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру). Әліппе-альбоммен жұмыс Сурет салмастан бұрын не салатындарыңды ойластырып алыңдар (саябақ, әдемі үйлер, өзен және көпір, ескерткіш, сүйікті балалар алаңы). (Ж) Досыңмен қаламыздың/ауылдың несімен әйгілі екендігін талқылаңдар. Жұмыс барысында педагог көлемді ғимараттарды салудың негізгі тәсілдерін еске салады. Ғимараттардың қабырғаларының әдетте ашық түсті болатынына назар аудартады, сондықтан бояу кезінде ашық реңк алу үшін қарындаш не борға жай басу керек. Қарындашты қағазға көлбеу, оның ұшынан | Айсұлудың туған күні. Есіңде сақта! Адамның негізгі көңіл күйлері – қуаныш, таңдану, ренжу, қорқу, ашулану. 1-тапсырма. Суреттерді қара. Қалай ойлайсың, суреттегі қай бала туған күнге барады? Не үшін олай ойладың? 2-тапсырма. Туған күнге бару үшін алдымен не туралы ойлайсыңдар? – Туған күн иесіне қандай сыйлық апаруға болады? Айсұлуға қандай сыйлық апаратындарын ойластырады. Топта талқылайды. – Туған күнге қандай сыйлық апарғың келеді, сол заттың суретін сал. – Қонаққа барғанда өзіңді қалай ұстайсың? – Туған күн мерекесін қалай өткізуге болады, онда не істейсіңдер? «Туған күніңмен құттықтаймын!» сөзін түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс деп ойлайсың? Сыйлықты қалай ұсынасың? Көңіл күйіңді бейнелеп көрсет. | аяқтарының түрлерін көрсетеді. Балалар әр затты мұқият қарап шығып, олардың атын атап береді. Ой қорыту. Көркімен көз тартатын ыдыстарды қазақ шеберлері халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай отырып жасаған. Олар өз бұйымдары арқылы қазақ ою-өрнегінің, қазақ тұрмысының өзіндік бояуларын көрсетуге тырысады Торсық – қымыз құятын ыдыс. Қымызды көптеген халықтар ежелден емдік сусын ретінде пайдаланған. Ерте замандарда торсықты теріден, кейде ағаштан ойып жасаған. Сыйлы қонақтарға асыл тастармен безендірілген торсық сыйлаған. Бүгінде торсықты қыштан жасайды Қолөнер шеберлерінің сазбалшықтан жасап, түрлі ою-өрнектермен | кезінде жотасынан бастау керек, мысықтың жотасы доға іспетті, мойны қысқа және т. б. Қию барысында балалар ақырын (немесе ішінен) жұмыс барысының ретін айтып отырады. балалардың назарын геометриялық пішіндерді қиюдың өздеріне мәлім тәсілдеріне аударады. Педагог бір баланы шаршыны немесе дөңгелекті әзірлеу тәсілін көрсету үшін тақтаға шақырады, тәрбиеленушілер білгендерін бекітуі және жұмыс ретін қайталауы үшін сол баланың әрекеттерін нақтылап, түсіндіріп отырады. Дөңгелек пішіндерді (дөңгелек, сопақша) шаршыдан, тіктөрт бұрыштан және жолақтан қиып алады, ол үшін барлық төрт бұрышты дөңгелетіп қияды.Сопақша – қағаз | ұсыну.Қаз, қаз, балам, қаз балам, Қадам бассаң, мәз болам. Күрмеуіңді шешейін, Тұсауыңды кесейін. Суретке қарап әңгімелеуді ұсыну.(Т, Ж) дауыс жаттығулары: «Әлди-әлди», «Ән шырқайық» жаттығулары. Сөздерді, әуенді анық, таза айтуға жетелейді. 1-сабақ. айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Тұсау кесу рәсімі не үшін қажет? Қанша жастағы сәбидің тұсауы кесіледі деп ойлайсың? Тұсау кесу туралы не білесің, суретке қарап әңгімеле. . |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *қашықтау ұстау керек. Есік пен шатырды бояғанда, есіктің тұтқалары мен әшекейлерді салғанда қарындашты не борды оның ұшына жақын ұстап, қаттырақ басып салу керек. Сондай-ақ кескін мен бөлшектерін салу үшін түсі сәйкес келетін фломастерлерді қолдануға болады. Педагог жұмыстың топ болып жасалатынын түсіндіреді. Сурет қайталанбау үшін кімнің не салатынын кеңесіп алу керек.* | | *әшекейлеген бұйымдарымен танысу. Олардың қандай материалдан жасалатынын естеріңе түсіріңдер.* | *тіктөртбұрышты екіге бүктейді, бүгу сызығынан ұстай отырып, бұрыштарын дөңгелете қияды, алдымен бір бұрышын, сосын екінші бұрышын. Қағазды жазған кезде сопақша шығады. Үшбұрыш – шаршыны диагоналінен бүктейді, сосын жазып, бүгу сызығы бойымен қияды. Желім қарындашты пайдалануға болады. Тәрбиеленушілер негізгі-парақта алдын ала орналастырудан кейін жапсыруға кіріседі.* | |
| ***Серуен*** | ***10:00*** | *Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін.*<br>*Картотека №1* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.*** | ***10:10 10:35*** | ***3.Музыка***<br>***Бесік жыры***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:*** *.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>***Күтілетін нәтиже:*** *.* | ***3.Дене шынықтыру.***<br>***Ғарышқа саяхат***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау.*<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Өрмелеу, өрмелеп шығу,* | ***3. Қоршаған ортамен танысу***<br>***Мен тұратын ауыл және үй.***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.* | ***3. Дене шынықтыру***<br>***Ғарышқа саяхат***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау.*<br>***Күтілетін Нәтиже:***<br>*Өрмелеу, өрмелеп шығу,* | ***3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері***<br>***Мен көшедемін.***<br>***ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Таныс емес жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін түсінуі.*<br>***4к моделі: креативтілік, бала үні*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салады. Сәлеметсіңдерме балалар – Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Отбасыларыңда кімдер бар? – Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды. Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ. ) Музыка тыңдау: «Бесік жыры» Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет береміз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұраймын. Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекені атап өтеді? «Өнерлі отбасы» атану үшін отбасы мүшелеріне қандай сыйлық заттар ұсынар едің? Бесік* | *астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындайды. «Өрмелегіштер ғаламшары» – бұл ғаламшариктің тұрғын-дары тек төрттағандап еңбектеп жүреді. шынтақ пен тізеге сүйене отырып төрттағандап еңбек-теп заттар арқылы өту. Нұсқау – аяқ пен қолдың жұмысын келістіру, қозғалыс бағытын сақтау. «Сиқырлы ғаламшар».Бұл ғаламшар тұрғындары алыптар мен ергежейлілерге айнала алады. Түрлі музыка ырғағымен балалар тиісті қозғалыс тәсі- лін пайдаланады: қатты музыкаға кең адымдап, қолдарын жоғары көтеріп жүреді, баяу музыкаға қысқа адымдап, қол-дарын белге таянып жүреді. «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығы ғарышкерлер* | ***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау Күтілетін Нәтиже:*** *Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіреді. Жағымды көңіл күйқалыптастыру мақсатында сабақты Кім, нені жақсыкөреді? жаттығуыменбастайды. Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын… Кім өзін батырмын деп есептейді? Кім сары түсті жақсы көреді? Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? Кім құрылыс салғанды жақсы көреді? Кім «Лего» конструкторларымен жұмыс жасағанды жақсы көреді? т.б. сұрақтар қоюға болады. Өзі тұратын көшесі жайында әңгімелету. Көшенің* | *астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындайды. «Өрмелегіштер ғаламшары» – бұл ғаламшариктің тұрғын-дары тек төрттағандап еңбектеп жүреді. шынтақ пен тізеге сүйене отырып төрттағандап еңбек-теп заттар арқылы өту. Нұсқау – аяқ пен қолдың жұмысын келістіру, қозғалыс бағытын сақтау. «Сиқырлы ғаламшар».Бұл ғаламшар тұрғындары алыптар мен ергежейлілерге айнала алады. Түрлі музыка ырғағымен балалар тиісті қозғалыс тәсі- лін пайдаланады: қатты музыкаға кең адымдап, қолдарын жоғары көтеріп жүреді, баяу музыкаға қысқа адымдап, қол-дарын белге таянып жүреді. «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығы ғарышкерлер* | ***Күтілетін Нәтиже:*** *Таныс емес жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін түсінеді. проблемалық сұрақ: – Үлкендер балаларға аулада қандай өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауды ескертеді? Балалардың жауаптары. педагог ақпараты: Әдетте ойын алаңы арнайы қоршалған болады. Сонымен қатар ол балаларды түрлі қауіптен сақтауға көмектеседі. Дегенмен ойын алаңының өзінде ата-аналар қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауды үнемі ескертіп отырады. Қауіпсіздік ережелері: • Пышақ, сынған бөтелке, қоқыс сияқты қауіпті заттарды ұстауға болмайды. • Үшкір, ауыр, ыстық заттарды ұстауға болмайды. – Ойын алаңында балалар үшін барлығы қауіпсіз бе?* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *жырының әуені қандай? Дауыс биіктігі қандай? Жоғары ма әлде төмен бе? Суреттегі қай жануардың дауыс биіктігі, ырғағы бесік жырының әуеніне ұқсайды? Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Әженің қамзолын әшекейлеуге көмектес. Ою-өрнекті боя. Музыкалық аспаптарды ата. Ұрмалы аспаптарды қызыл түспен, ал ішекті аспаптарды көк түспен қоршап көрсет.* | *даярлығынан өткенін еске салады. Зымыранмен ғарышқа саяхат жасау туралы ұсынылады. Бірден, екіден қатарға тұрып зал ортасымен сап түзеп жүру.Аяқтың ұшымен және өкшемен жүгіруді алмастыра орын-дау. Нұсқау – жүгіру кезінде аяқты ұшымен қою, өкшемен жүргенде аяқты тіктеп ұстау керек. Қозғалысқа сәйкес қол қимылын ауыстыруға назар аударылады – аяқтың ұшымен жүгіру – қолды белге таяну, өкшемен жүгіру – қолды алдыға тік жазу.* | *аты қалай аталады? Құрастыратын материалдарды, «Лего» конструктордың кез келген бөлшегін қолымызға алып, көріп, оның қасиеттерін атаймыз.Қол тигіз: конструкторбөлшегінің түсі, нысаны, өлшемі, тығыздығы бар ма? Ол жылтырайды ма? Ұстап көр: конструктор дың беті қандай? Конструктор бөлшегінің түсі, ныса-ны, өлшемі,тығыздығы әртүрлі болуы мүмкін. Конструктор бөлшекте рінен көліктер, ғимараттар, үйлер, көшелер т.б. жасауға болады. Түстерінің алуан түрлілігі біздің әлемді қабылдауымызға бейімделген. Объектіні жинақта. Өздері тұратын немесе таңдаған көшені құрастырады. Кез келген бала құрылыс жұмысын басқарушы, қалғандары құрылысшылар бола* | *даярлығынан өткенін еске салады. Зымыранмен ғарышқа саяхат жасау туралы ұсынылады. Бірден, екіден қатарға тұрып зал ортасымен сап түзеп жүру.Аяқтың ұшымен және өкшемен жүгіруді алмастыра орын-дау. Нұсқау – жүгіру кезінде аяқты ұшымен қою, өкшемен жүргенде аяқты тіктеп ұстау керек. Қозғалысқа сәйкес қол қимылын ауыстыруға назар аударылады – аяқтың ұшымен жүгіру – қолды белге таяну, өкшемен жүгіру – қолды алдыға тік жазу.* | *Әткеншек қандай қауіп төндіруі мүмкін? Балалар суретті қарап, өз ойларымен бөліседі. педагог ақпараты: Әткеншек те қауіпсіз емес. Қатты қозғалыс үстіндегі әткеншектің соққысы ауыр жарақаттауы мүмкін. Сондықтан балалар тербеліп жатқан әткеншек алдынан өткенде абайлап, оны алысырақтан айналып өткені жөн.Әткеншекте тербелгенде екі қолмен кермесінен мықтап ұстап, қозғалмай тыныш отыру керек. Әткеншек толық тоқтамай, одан секіріп түсуге болмайды.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *алады.* | | |
| | ***10:35 11:10*** | ***1.Жаратылыстану Қозғалыс және күш деген не? ҰОҚ мақсаты:*** *Қозғал-малы және қозғалыссыз дене-лерді ажырату* ***4к моделі: бала үні, жанама, қарқынды бақылау*** <br><br> ***Күтілетін нәтиже:*** *Қозғал-малы және қозғалыссыз дене-лерді ажырату «Қозғалмалы және қозғалыссыз денелерді салыстыру». Қозғалмалы дене ретінде көлік пен ғи-маратты салыстыру. Көлікті адам басқарғанда оның орын ауыстыратынын анықтайды. Ал ғимарат қозғалмайтыны ту-ралы тұжырым жасайды. «Қозғалуға көмектесетін дене мүшелерін көрсет». «Сәй-кестендір» дидактикалық ойыны арқылы қозғалыс мү-шелері көрсетіледі. Адамға – аяқтары,* | | | | ***4.Өзін –өзі тану*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *құстарға – қанаттары, балықтарға – жүзу қанаттары. Қорытындыда балалар мына тү-сініктерді ұғынуы қажет: Қозғалыс – бір орыннан екінші орынға ауысу. Күш – бір дененің екінші денеге әрекет етуі. Қозғалмалы денелер – адам-дарға, құстарға, балықтарға және жануарларға тән құбылыс. Қозғалыс тудыратын әрекеттер: секіру, жүгіру, орын ауыстыру т.б. Қозғалыссыз денелер– өздігінен қозғала алмайтын денелер: ғима-рат, парта, тас т.б.* | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | ***11-10 11-20*** | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу* | *Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту.* | *Балалардың тазалығына көңіл бөлу.* | *Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау.* | *Балалардың үйде ойынын қадағалауды ата –аналарға айтамын.* |

***Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы***

**_Бір аптаға (21.02.-25.02.2022жыл)_** _Өтпелі тақырып «Жер ана»_

| *Күн тәртібі* | ***Уақыты*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Балалар ды қабылдау.*** *Таң ертеңгі гимнастика* | ***08:40 09:00*** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.* | | | | |
| | | ***Жаттығулар кешені*** | | | | |
| | | *Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар* | | | | |
| ***Ойындар Ұйымдас тырылған оқу қызметін е (ҰОҚ) дайындық*** | ***08: 50 09: 00*** | *Жүрейікші жараса<br>Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап* | *Сәлем саған жер-ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық* | *Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректі<br>Сөздің бәрі ақ тілек.* | *Ақылы бар баласың<br>Айтқан тілді аласың<br>Намысты болып өссеңсен<br>Нағыз адам баласың!* | *Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.* |
| ***ҰОҚ кестесі*** | | *Сауат ашу негіздері<br>Сурет салу<br>Музыка<br>Жаратылыстану* | *Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>Логика (в/бөлім)* | *Орыс тілі<br>Мүсіндеу<br>Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру<br>Шебер қолдар (в/бөлім)* | *Сауат ашу негіздері<br>Жапсыру<br>Дене шынықтыру<br>Ертегілер елі (в/бөлім)* | *Сөйлеуді дамыту<br>Музыка<br>Дене шынықтыру/<br>Қауіпсіз мінез құлықтары<br>Өзін-өзі тану* |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдаст ыр-ылған оқу қызметі*** | ***09: 00 09: 25*** | ***1.Сауат ашу негіздері Қаңбақ пен қоңыздың саяхаты. Ң дыбысы мен әрпі ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін(дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.* ***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау Күтілетін нәтиже:*** *Сөздегі дыбыстарды,* | ***1.Математика негіздері Мен мектепке барамын. Қосамын және азайтамын. Менің отбасым. Қосамын және азайтамын. ҰОҚ-ның мақсаты:*** *«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.* | ***1. Русский язык Семейный дастархан. Цели обучения данного ОУД:*** *внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, ис-пользуя образец, мимику, жесты.* ***Предполагаемый результат:*** *внимательно слушает и отвечает собеседнику короткими фразами, ис-пользуя образец, мимику, жесты.* | ***1. Сауат ашу негіздері Шөл дала мен сулы жер. Ө дыбысы мен әрпі. ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстау.* ***4к моделі: коммуникативтілік, командалық жұмыс, саралау, бақылау жұмыстары, бала үні*** | ***1. Сөйлеуді дамыту Қонақжайлылық ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру* ***4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, саралау Күтілетін нәтиже:*** *Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастырады. 1-тапсырма. Қонақ шақырғанда дайындық неден* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *олардың түрлерін(дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br>1-тапсырма<br>Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар?<br>Суреттегі қоңыз бен қаңбақтың әрекеттерін айтады.<br>Қоңыз, қаңбақ, шұңқыр сөздерін қайталайды.<br>Балалар Ң дыбыыс естілген сөздерді буынға бөледі. Ң<br>дыбысы естілетін буындарды айтады.<br>Қо-ңыз, қаң-бақ, шұң-қыр.<br>Дыбыстық белгілермен жазылған қаңбақ және қоңыз сөздерін тауып көрсетеді.<br>«Ң» дыбысын2-3 қайталайды.<br>2-тапсырма<br>Тыңда.<br>Балаларға шағын әңгімені оқып береді. Балалар мұқият тыңдап сұраққа жауап береді.<br>1. Қоңыз қаңбаққа не айтуды ұмытты?<br>2. Қоңызға не көмектесті?* | ***4к моделі: сыни ойлау, бала үні***<br>*– Заттарды қосқанда не болатынын айт.<br>– Заттарды бұл топтан қандай белгісі бойынша алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Суретте, бұл жағдайда не болғанын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндір(заттарды біріктірді, қосты, алып тастады,<br>азайтты).Жеке қималы материалдан ұсынылған жағдаят<br>бойынша азайту мен қосуға арналған мысал жасауды<br>ұсыныңыз. Бұл педагогқа балалардың тақырыпты қалай<br>меңгергенін көруге мүмкіндік береді.<br>Мысалы, мынадай үлгідегі есепті оқыңыз: 5 гүл өсіп тұрды, оның екеуі қурап<br>қалды. Нешеуі қалды?<br>- Қалай жазуға болады? Карточкаларда көрсетіңдер.<br>Қосуға мынадай есеп* | *Организационный момент.<br>Дети стоят в кругу.<br>солнце яркое встает<br>Лучики свои нам шлет.<br>руки к солнцу мы протянем,<br>Здравствуй, солнышко, мы скажем!<br>ребята, давайте поздороваемся друг с другом как птич-ки носиками, как рыбки бок о бок, как зайчики хвости-ками.<br>Посмотрим друг другу в глаза и улыбнемся. как называется республика, в которой мы живем? (казахстан)<br>издавна казахский народ славится своим гостеприим-ством. казахский народ всегда был рад гостям и прини-мал их радостно и приветливо. Хозяева подают на стол разные угощения* | ***Күтілетін нәтиже:***<br>*Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстайды. 1-тапсырма. Суреттен Ө дыбысы естілетін сөздерді ата. Сөздерге дыбыстық талдау жаса.Балалар берілген суреттерды атайды.<br>Ө дыбысын қайталайды.<br>Балалар суреттен Ө дыбыс естілетін сөздерді тауып,<br>буынға бөледі.<br>Өркеш, шөл, өзен, өгіз.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды.<br>1. Түйе жүрген жер қалай аталады?<br>2. Өгіз ненің үстінен өтті?<br>Сөздерді буынға бөледі.<br>Ө жіңішке дауысты дыбыс екенін біледі. Ө дыбысын<br>балалар қайталап дұрыс айтуға жаттығады.<br>2-тапсырма Суреттегі заттарды атайды.<br>Ө дыбысы бер сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>Өшіргіш, көйлек, бөрік,* | *басталады?«Жалғастыр».<br>сөйлемді бастайды, балалар жалғастырады.<br>«Менің көңіл күйім жақсы, өйткені ...»<br>Біздің үйде әр тарап<br>Думандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>Сендер үйлеріңе қонақ келгенді жақсы көресіңдер ме?<br>– Қонақ күткенді ше?<br>– Кімнің үйіне қонаққа жиі барасыңдар? Сергіту сәті.<br>Апам үшін күнде мен<br>Отынға ағаш жарамын.<br>Су құямын гүлге де,<br>Дүкенге де барамын.<br>Жылай қалса бөпеміз,<br>Жұбатамын ойнатып.<br>Сыпырамын үй ішін,<br>Жуам аяқ, табақты. 2-тапсырма.Тақпақты жаттап алайық.<br>Біздің үйде достарым<br>Қосты бүгін бастарын.<br>Әжем келген ауылдан,<br>Әкелген-ді алуан дәм.<br>Дастарқанда тұр жайнап:<br>Жент, бауырсақ, құрт, қаймақ. Ойын: «Сөз ойла,* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. Табиғат құбылыстарының қайсысында Ң дыбысы естіледі?<br>Жаңбыр сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.<br>«Жолдасыңды жолда тастама!» нақыл сөзінің мағынасын балаларға түсіндіреді.<br>Ң– үнді дауыссыз дыбыс. Ң дыбысынан сөз басталмайды. Балалар сөз басталмайты Ң дыбысы туралы айтады.<br>Сергіту сәті<br>Балалар орындарынан тұрып қимылмен өлең айтады.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір.<br>Сағаттың тіліндей<br>Соғады жүрегіміз.<br>3-тапсырма<br>Ң әрпімен танысамыз. Қайсысы қайсысының дауысы?<br>Педагог балғаның, қоңыраудың, мәшиненің суретін әкеліп кітаптағыдай жасап көрсетеді.<br>Үнтаспадан олардың дауысын шығарып | түрін ұсыныңыз:<br>Құмыраға3 түйме-дақ пен екі кекірегүл салынды. Құмырада неше гүл бар?<br>(Ж) Дәл осындай жұмысты жиынтық полотнода жұппен кез келген объектімен үйлестіруге де болады.<br>Полотноданемесе сандары мен таңбалары бар карточкаларда жұппен жұмыс істей отырып, азайтуға арналған тиісті жазбаларды құрастырыңыз.<br>Егер балалар тапсырманы жылдам орындаса, онда осыған ұқсас жаттығуды үстелдерде санайтын материалмен өткізіңіз. Қосу әрекетін қосыңыз.<br>Әрбір жұптың қасына барып, олардың жазбаларды қалай оқып отырғанын тыңдап, оларды түзетіп, мынадай сұрақтар қойыңыз:<br>– Заттарды қосқанда не болатынын айтшы?<br>– Заттарды бұл топтан қандай белгісі бойынша | | көз.<br>Сөздерге сөйлем құрайды.<br>Сызбасын жасайды.<br>(Ұ) Сергіту сәті.<br>Балалар орындарынан тұрып тыныс алу жаттығуларын жасайды.<br>3-тапсырма<br>Педагог Ж.Әбдірашовтың өлеңін оқиды.<br>«О» – кәдімгі дөңгелек,<br>Ал«Ө» одан сәл бөлек.<br>Мұны да сал, ерінбе,<br>Белбеуі бар белінде.<br>Суреттегі О әрпі мен Ө әрпінің пішіндерін салыстырады. Айырмашылығын табады.<br>Балалар Ө әрпінің баспа түрін алдарына берілген құмға салады.<br>Балалардың алдына құм салынған төртбұрыш қорапша беріледі.<br>Балалар Ө әрпінің бейнесін сала отырып, Ө әрпінен басталатын сөздерді айтады. Сөздерге сөйлем құрайды.<br>4-тапсырма | тез ойла».<br>Қарама-қарсы сөздерді тап. Өзіңе ұнаған сөздерді есіңе сақтап, айтып бер.<br>Сыпайы – дөрекі, мейірімді – қатал, жас – кәрі, еңбеккер – жалқау, көңілді – көңілсіз, жылы – салқын, күлімдеу – қабақ шыту, төр – босаға, ауыл – қала, оң жақ – сол жақ, алыс – жақын, таза – кір, үлкен – кіші, конақ болу – қонақ күту.<br>3-тапсырма.<br>Жұбыңмен диалог құр.<br>«Қандай?»сұрағына жауап беретін сөздермен әжеге сипаттама бер. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *балалардың табуын өтінеді. Балалар дыбыстарды табады. Тапқан дыбыстарын қайталайды. Балға«Шың-шың!», қоңырау«Дың-дың!», мәшине «Ң-ң»» дейді 4-тапсырма. Педагог тақтадағы Ң дыбысының бейнесімен таныстырады. Н әрпінің бейнесімен салыстырып көрсетеді. 4-тапсырма Әдемі моншақтардан шаңғының өзінен және таяғынан Ң әрпін жасауды көрсетеді. Балалар Ң әрпінің бейнесіне қарап өздері жасайды. Ң әрпі кездесетін сөз ойлап айтады. Ң әрпінің баспа түрін алдымен ауада жазады. Соңынан жазу жолдарына жазады.* | *алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма? – Суретте, бұл жағдайда не болғанын айтуға саған қандайсөздер көмектескенін түсіндірші(заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты) ?* | | *Ө әрпінің пішінін жіптен және қағаздан құрастырады. Педагог балаларға көмектеседі. Қағазға салынған доптың суретін таратып береді. Доптың суретін Ө әрпімен салыстырып, жетіспейтін бөлігін салады.* | |
| | ***09:35 10:00*** | ***2.Сурет салу*** | ***2.Көркем әдебиет Дос болайық бәріміз ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Басқа кейіпкерлермен* | ***2.Мүсіндеу Домбыраның күмбірі ҰОҚ-ның мақсаты:*** *М үсіндеуге арналған* | ***2.Жапсыру Тақияны безендіреміз. ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Табиғи және қолдан* | ***2.Музыка Біздің ұлттық ойындар ҰОҚ-ның мақсаты:*** *Қарапайым әуендерді,* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | рөлдік қарым-қатынасқа түсу.<br>**4к моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау, креативтілік, командалық жұмыс, саралау, бақылау жұмыстары, бала үні, жанама, қарқынды бақылау**<br>**4к моделі: креативтілік, бала үні**<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Басқа кейіпкерлермен рөлдік қарым-қатынасқа түседі.<br>Балалар<br>– Сендер қалай ойлайсыңдар, дос қандай болу керек?<br>– Айтыңдаршы, бұрын-соңды сендерге достарың көмекке келді<br>ме? Қандай жағдайда?<br>Достық – адамдардың арасындағы сыйласымды қарым-қатынас.<br>Достарыңды отбасы мүшелері сияқты жақсы көріп, сыйлап,<br>оларға әрқашан көмек көрсетулерің қажет.<br>Жақсы достарыңды мақтан тұтуларыңа | материалдарды үнемді пайдалану.<br>**4к моделі: сыни ойлау, креативтілік,**<br><br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>үсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдаланады. алалардың тәжірибесіне сүйену.<br>– Домбыра дегеніміз не?<br>– Домбыруымен ән айтатын адамды қалай атайды?<br>Пікір:домбырамен ән айту – қазақ халқының ежелгі дәстүрлерінің бірі.<br>Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы – домбыраны зерттеу.<br>Балалар домбырамен мұқият танысады, оның құрамдас бөліктерін атап көрсетеді, безендіру тәсіліне тоқталады.<br>Мүсіндеу алгоритмін балалармен бірге талқылау.<br>1. Ермексаздан домалақтап шар жасаймыз.<br>2. Оқтаудың көмегімен шарды жаямыз.<br>3. Домбыраның үлгісінің үстіне қойып, кескішпен | жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу.<br><br>**4к моделі: креативтілік, командалық жұмыс**<br><br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу.<br>Аппликация жасау технологиясы.<br>Жұмыстың орындалу алгоритмі:<br>Педагог балаларға ою салу үшін тақияны әзірлеуді ұсынады.<br>Одан кейін тәрбиеленушілер оюдың үлгіқалыбын қиып алады.<br>Түрлі түсті қағаздан әзірлеме-жолақтарды қиып алады.<br>Түрлі түсті қағаз жолақтарын екіге немесе қатпарлап бүктеп, ою үлгіқалыбын әзірлеме-парақтың бүгілген сызығына | таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкатыңдау:«Көкпар»<br>Музыка тыңдай отырып не елестеттіңдер?<br>Көкпар туралы не білесіңдер?<br>Қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі – «Көкпар» ойыны. Ойын аттың үстіндеойналады. Асқан шеберлікті қажет етеді. Малдың терісінептілікпен жерден алып, ешкімге жеткізбей көмбеге<br>апарып салу керек. 1-сабақ. айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:Әнді қандай әсер алдың? Әннің қарқыны неліктен жылдам?<br>Қандай ұлттық ойындарды білесің?<br>«Ханталапай» ойынына не қолданылады? Бос |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | *болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі, бір-бірімен жанжалдаспайды, өтірік айтпайды. Бүгін біз достар туралы әңгімелестік. Досымызға үнемі жақсы, жылы сөздер айту керектігін үйрендік. Достар бір-біріне көмектеседі. Достықтарың ұзақ, тұрақты болу үшін бір-біріңе көмектесіп, адал болуларың керек. Сонда ғана достықтарың берік болады.* | | *жатқызады. Жай қарындаштың көмегімен үлгіқалыпты бастырып сызады. Қиып алып, тақияға орналастырады. Ойдағыдай болғанға дейін оюдың орналасуын өзгертуге болады. Жапсырманың барлық бөлшектерін негізге ретімен жапсырады. Оюды әзірлеу тәсілін көрсету үшін педагог балалардың бірін шақырады. Тәрбиеленушілердің түсініктерін бекітуі және кезектілікті тағы да бір рет қайталауы үшін оның іс-қимылын нақтылап түсіндіреді* | *орынға қажет заттың суретін салып, боя. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің? Достарыңмен біргеөз ойыңды бөлісіп, әңгімеле. Ұлттық ойынға қажетті заттардың суретін сал. 2-сабақ. айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Әннің ырғағы мына сызбалардың қайсысына сәйкес келеді? Өз таңдауыңды сызықтарды бастырып сызу арқылы көрсет. Ұлттық ойын бейнеленген суреттерді сызық арқылы қоржынға сал. Қандай халық әндерін білесің? Ол ән қандай аспаптың сүйемелдеуімен орындалады деп ойлайсың?* |
| ***Серуен*** | ***10:00*** | *Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін.<br>Картотека №1* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша*** | ***10:10 10:35*** | ***3.Музыка<br>Тұсау кесу<br>ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес* | ***3.Дене шынықтыру.<br>Туған өлке<br>ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-* | ***3. Құрастыру.<br>Киіз үйді қалай бе-зендіремін?<br>ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Өз ойы бойынша түрлі* | ***3. Дене шынықтыру<br>Ат жарысы<br>ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын* | ***3. Дене шынықтыру<br>Батырлар<br>ҰОҚ-ның мақсаты:***<br>*Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
